Мақалада қазіргі жастардың өмірлік басымдықтарын қалыптастыруға әсер ететін психологиялық және әлеуметтік факторлар, отбасы туралы түсініктері мен қабылдауы қарастырылады. Мансаптық жетістікке ұмтылу, жеке тұлғалық даму, романтикалық қарым-қатынас пен отбасы құруға қатысты көзқарастар арасындағы қайшылықтарға назар аударылады. Сонымен қатар әлеуметтік салыстыру, қоғамның күтуі, эмоционалдық қауіпсіздікке деген қажеттілік және өзін-өзі жүзеге асыру мәселелері талданады. Автор жастардың таңдауын біржақты бағаламай, олардың ішкі қажеттіліктерін түсіну мен психологиялық қолдаудың маңыздылығын негіздейді.

Түйін сөздер: қазіргі жастар, Z ұрпағы, өмірлік басымдықтар, мансап, махаббат, өзін-өзі тану, психологиялық әл-ауқат, эмоционалдық интеллект.

Қазіргі жастардың өміріне көз жүгіртсек, бір қарағанда бәрі анық сияқты: жақсы білім алу, тұрақты жұмыс табу, мансап құру, қаржылық тәуелсіздікке жету, өзіңді дамыту және бақытты өмір сүру. Алайда осы мақсаттардың барлығына бір уақытта ұмтылғанда, адамның алдында маңызды бір сұрақ туындайды: біз шын мәнінде өзіміз қалаған өмірді сүріп жүрміз бе, әлде қоғам белгілеген жетістік өлшемдеріне сай болуға тырысып жүрміз бе?

Педагог-психолог ретінде мені осы сұрақтың психологиялық астары қызықтырады. Өйткені қазіргі жастар тек болашақ мамандығын немесе өмірлік серігін таңдаумен шектелмейді. Олар бір мезгілде өзін тануға, қоғамнан өз орнын табуға, материалдық тұрақтылыққа қол жеткізуге және эмоционалдық тұрғыдан бақытты болуға ұмтылады. Осындай көпқырлы мақсаттардың арасында адамның өз қажеттіліктерін түсінуі кейде күрделене түседі.

Мен де осы буынның өкілі ретінде жастардың ойлау жүйесін, алаңдаушылығын және болашаққа деген көзқарасын сырттай бақылаушы ретінде ғана емес, өз ортасының бір мүшесі ретінде түсінуге тырысамын. Меніңше, бүгінгі мәселе жастардың мансапты немесе махаббатты таңдамауында емес, осы екеуінің арасында өз болмысын жоғалтпай, үйлесімді өмір сүру жолын іздеуінде.

Мансапқа ұмтылу: мақсат па, әлде қоғам алдындағы міндет пе?

Бүгінгі жастар үшін мансап пен қаржылық тәуелсіздік маңызды орын алады. Білім алу, кәсіби біліктілікті арттыру, жеке табысқа жету және өз еңбегінің нәтижесін көру — тұлғалық дамудың маңызды құрамдас бөліктері. Мұндай ұмтылысты тек материалдық құндылықтарға қызығушылық деп түсіндіру дұрыс емес. Оның артында дербес шешім қабылдау, қауіпсіздік сезіміне ие болу және өз мүмкіндіктерін іске асыру қажеттілігі жатыр.

Дегенмен мансапқа ұмтылу кейде

адамның ішкі қалауы мен сыртқы талаптарының арасындағы қайшылыққа айналуы мүмкін. Әлеуметтік желілерде жетістікке жеткен адамдардың өмірі жиі көрсетіледі: біреу жас кезінде баспана алады, екіншісі жеке кәсібін ашады, үшіншісі шетелде білім алады. Осындай көріністерді үздіксіз бақылау адамның өз жетістіктерін бағалауына әсер етуі ықтимал.

Нәтижесінде адам өзінің нақты мүмкіндіктері мен өмірлік жағдайларын ескерудің орнына, өзгелердің жетістігімен салыстыруға бейімделуі мүмкін. Ол белгілі бір жасқа дейін міндетті түрде мансап құруы, табысты болуы және өмірінің барлық саласын ретке келтіруі керек деп ойлайды. Ал жоспарланған нәтижеге қол жеткізе алмаса, өзін жеткіліксіз сезіну қаупі туындайды.

Менің ойымша, мансаптың психологиялық мәні тек жоғары лауазымға немесе табысқа жетумен өлшенбеуі керек. Нағыз кәсіби даму адамның қабілетін танып, өз еңбегінен мағына табуымен де байланысты. Жетістік адамның құндылығын анықтайтын жалғыз өлшемге айналғанда, жұмыс мақсатқа жетудің құралы болудан қалып, өзін дәлелдеудің үздіксіз әрекетіне айналуы мүмкін.

Махаббат пен отбасы: кейінге қалдырылған құндылықтар ма?

Қазіргі жастардың өмірлік таңдауларында романтикалық қарым-қатынас пен отбасы құру мәселесі де ерекше орын алады. Кейбір жастар алдымен білім алып, кәсіби тұрғыдан қалыптасып, қаржылық тұрақтылыққа жетуді маңызды санайды. Отбасын құруды кейінге қалдыру осы мақсаттардың бір бөлігі болуы мүмкін.

Мұндай таңдауды бірден жауапкершіліктен қашу немесе отбасылық құндылықтардың әлсіреуі деп бағалау асығыстық болар еді. Оның себептері әртүрлі: экономикалық тұрақсыздық, баспана мәселесі, жеке еркіндікті сақтау ниеті, эмоционалдық тұрғыдан дайын болуға ұмтылу немесе бұрынғы қарым-қатынастардан қалыптасқан сенімсіздік.

Сонымен бірге қарым-қатынасты үнемі кейінге қалдырудың да өзіндік психологиялық қайшылығы бар. Адам өзін толық қалыптастырып, барлық мақсатына жеткеннен кейін ғана махаббатқа уақыт бөлуге болады деп ойлауы мүмкін. Алайда адамның дамуы ешқашан толығымен аяқталатын үдеріс емес. Кәсіби мақсаттар өзгеріп отырады, жаңа міндеттер пайда болады, ал мінсіз жағдайды күту шынайы өмірдегі жақындықты кейінге ысыруы ықтимал.

Екінші жағынан, қоғамның «уақыты келді», «отбасы құратын жасқа жеттің» деген талаптары да адамның жеке таңдауына қысым жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда жас адам өз қалауын емес, айналасындағылардың күтуін орындауға тырысады.

Меніңше, мәселе мансап пен махаббаттың бірін таңдау қажеттігінде емес. Маңыздысы — адамның өзіне не қажет екенін түсінуі, қарым-қатынасқа саналы түрде келуі және жеке шекараларын сақтай отырып, басқа адаммен ортақ жауапкершілік құра білуі. Отбасы құру да, жалғыз өмір сүру де қоғамға бір нәрсені дәлелдеудің тәсілі болмауы керек. Бұл адамның саналы таңдауы.

Өзін табу: үздіксіз даму ма, әлде өзіңе көңілдің толмауы ма?

Соңғы жылдары өзін-өзі дамыту, эмоционалдық интеллект, жеке шекара, психологиялық саулық және тұлғалық өсу ұғымдары жастар арасында кеңінен талқылана бастады. Бұл — адамның ішкі әлеміне көңіл бөлуге, өз сезімдерін түсінуге және өміріне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік беретін оң өзгеріс.

Алайда өзін дамытуға деген ұмтылыс та кейде жаңа қысым көзіне айналуы мүмкін. Адам әрдайым өнімді болуға, уақытын тиімді пайдалануға, жаңа дағдыларды меңгеруге және күн сайын

кешегіден жақсы болуға міндетті сезінеді. Тіпті демалыстың өзі босқа кеткен уақыт сияқты қабылдануы мүмкін.

Осы жерде маңызды психологиялық сұрақ туындайды: адам өзін дамыту арқылы әлеуетін ашып жүр ме, әлде қазіргі қалпын қабылдай алмай, үнемі өзімен күресіп жүр ме?

Менің ойымша, өзін-өзі тану адамның кемшіліктерін үздіксіз іздеуден басталмайды. Ол өзінің қажеттіліктерін, эмоцияларын, қабілеттері мен шектеулерін түсінуден басталады. Кейде өсу үшін жаңа мақсат қою қажет болса, кейде өзіңе демалуға, қателесуге және белгісіздік жағдайында болуға мүмкіндік беру маңызды.

Өзін табу дегеніміз — өмір бойы өзгермейтін бір ғана мінсіз бейнені анықтау емес. Бұл адамның тәжірибе жинақтап, құндылықтарын қайта қарап, өмірлік жағдайларға сәйкес шешім қабылдайтын үздіксіз үдерісі.

Психологиялық қайшылықтың түпкі себебі неде?

Жастардың өмірлік басымдықтары арасындағы қайшылықты бір ғана себеппен түсіндіру мүмкін емес. Оған әлеуметтік орта, отбасы тәрбиесі, экономикалық жағдай, цифрлық кеңістік және адамның жеке тәжірибесі қатар әсер етеді.

Бір жағынан, қоғам жастарға тәуелсіз, табысты әрі өзіне сенімді болуды ұсынады. Екінші жағынан, олардан дәстүрлі құндылықтарды сақтап, отбасылық міндеттерді орындау және айналасындағылардың үмітін ақтау күтіледі. Осы талаптардың барлығын қатар орындауға тырысу ішкі шиеленіс туғызуы мүмкін.

Мұндай жағдайда адамның өзіндік құндылықтары мен сыртқы күтулерін ажырата білуі маңызды. Ол үшін өзіне бірнеше сұрақ қойғаны пайдалы: «Мен бұл мақсатты шынымен қалаймын ба?», «Бұл шешімді өз қажеттілігіме сүйеніп қабылдап отырмын ба, әлде өзгелерден қалмау үшін бе?», «Мен үшін өмірдегі табыстың шынайы өлшемі қандай?».

Педагог-психолог ретінде меніңше, жастарға дайын өмірлік сценарий ұсынудан гөрі, осындай сұрақтарға өз бетінше жауап табуға көмектесу әлдеқайда маңызды. Өйткені психологиялық тұрғыдан жетілген адам барлық күмәннен арылған адам емес, өзінің күмәнін түсініп, саналы шешім қабылдай алатын адам.

Қорытынды

«Мансап па, махаббат па, әлде өзін табу ма?» деген сұрақтың бір ғана дұрыс жауабы жоқ. Әр адамның өмірлік жағдайы, құндылықтары, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері әртүрлі. Біреу үшін қазіргі кезеңде кәсіби даму маңызды болса, екінші адам үшін жақын қарым-қатынас пен отбасылық тұрақтылық басым болуы мүмкін. Ал үшінші адам өз болмысын түсінуге, эмоционалдық тепе-теңдігін қалыптастыруға көбірек уақыт бөлуі ықтимал.

Менің жеке тұжырымым бойынша, қазіргі жастардың негізгі міндеті — осы құндылықтардың бірін екіншісіне қарсы қою емес, олардың арасындағы үйлесімділікті іздеу. Мансап адамның жеке өмірін жоққа шығармауы керек, махаббат оның тұлғалық дамуын шектемеуі керек, ал өзін табу өзгелерден оқшауланауға себеп болмауы керек.

Біз кейде өмірдің белгілі бір кезеңінде бәріне үлгеруіміз қажет деп ойлаймыз. Бірақ адам өмірі бірдей қарқынмен жүретін жарыс емес. Әркімнің өз уақыты, өз таңдауы және өз жолы бар. Басқалардың жетістігіне қарап асығудың орнына, өзіміз үшін ненің маңызды екенін түсіну әлдеқайда құнды.

Сондықтан жастарға қойылатын ең маңызды сұрақ «Қайсысын таңдайсың?» емес, «Сен қандай өмір сүргің келеді және сол өмірде өзіңді қаншалықты жоғалтпайсың?» болуы керек деп ойлаймын.

Себебі мансап та, махаббат та, тұлғалық даму да адамның өмірін байыта алады. Ал олардың арасындағы шынайы тепе-теңдік сыртқы талаптарға толық сәйкес келуден емес, өзінің құндылықтарын түсініп, саналы таңдау жасай білуден басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймаганбетова О.Х., Жубаназарова Н.С., Адилова Э.Т., Жигитбекова Б.Д. Қазіргі қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын өзгермелі кеңістіктегі негізгі детерминаттар ретінде зерттеу // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2024. – № 146(1). – Б. 350–364.

2. Kassym L. Қазақстандық студент жастарының құндылықтар бағдарын зерттеудің аспектілері // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2021. – Т. 78, № 3. – Б. 113–122. DOI: https://doi.org/10.26577/JPsS.2021.v78.i3.10.

Отбасы – күнделікті еңбек пен махаббат. Бір қадамнан бастаңыз.

«Отбасым — менің тірегім» чек-парақ

Қазіргі уақытта өзіңізге сәйкес келетін тұжырымдарды ғана белгілеңіз. Кесте бойынша жалпы ұпайыңызды есептеп, өзіңізді дамыту үшін белгіленбей қалған 1–2 тармақты таңдаңыз.

- ☐ Мен ата-анамның отбасында қарым-қатынастың қандай болғанын білемін.
- ☐ Өз отбасыма нені үлгі етіп алып, нені өзгерткім келетінін түсінемін.
- ☐ Өзімнің осал тұстарымды білемін.
- ☐ Отбасы құрып, балалы болғым келетін-келмейтінін нақты білемін.
- ☐ Бұл – өзгелердің ықпалымен емес, өз қалауыммен қабылдаған шешім.
- ☐ Ата-ана болу ұзақ мерзімді жауапкершілік екенін түсінемін.
- ☐ Өз қорқыныштарым туралы ашық сөйлесе аламын.
- ☐ Отбасының мен үшін қандай мәні бар екенін білемін.
- ☐ Мансап пен махаббат арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысамын.
- ☐ Өз құндылықтарым туралы ашық айтамын.
- ☐ Өз өмірімді әлеуметтік желідегі мінсіз көріністермен салыстырмаймын.
- ☐ Біз сезімдеріміз туралы ашық сөйлесеміз.
- ☐ Біз үй шаруасы мен бала күтіміне қатысты міндеттерді бөлісеміз.
- ☐ Біз бір-біріміздің жеке шекарамызды құрметтейміз.
- ☐ Біз бір-бірімізді кінәламай, келіспеушіліктерді талқылай аламыз.
- ☐ Біз бір-бірімізге уақыт бөлеміз.
- ☐ Мен балаларымды отбасылық жанжалдарға араластырмаймын.
- ☐ Балам өзін әрқашан жақсы көретінімді біледі.
- ☐ Баламның мінез-құлқындағы алаңдатарлық өзгерістерді байқаймын.
- ☐ Психологқа жүгіну – әлсіздік емес, батылдық.
- ☐ Отбасылық психологиялық көмекті қайдан алуға болатынын білемін.
- ☐ Қиын сәтте арқа сүйей алатын адамдарым бар.

Белгілер санын есептеңіз:

20–22: *Сіз қарым-қатынасты саналы түрде құрып жүрсіз.*
12–19: *Сізде жақсы негіз бар, бірақ әлі де жетілдіретін тұстар бар.*
12-ден төмен: *Өзіңізге және қарым-қатынасыңызға көбірек көңіл бөліңіз. Қажет болса, психологтың көмегіне жүгініңіз.*

Қр-ді сканерлеңіз
SENIMEN BOLASHAQ

Курмангалиева Диана Сериковна
“24KZ” телеарнасының Digital-продюсері,
Көпбалалы ана

Публицистикалық эссе

БАЛАҒА СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТЕМІЗ, АЛ ОНЫ ТЫҢДАЙ БІЛЕМІЗ БЕ? ЖУРНАЛИСТ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Анашым, біз сенің бағынышты қызметкерлерің емеспіз. Біз сенің балаларыңбыз.

Заманауи Қазақстандағы мансап, көпбалалы ана болу және саналы ата-ана мәдениеті туралы.

Бірде балаларымнан: «Шындарыңды айтыңдаршы, мен қатал анамын ба?» деп сұрадым. Ұлымның жауабы мені терең ойға қалдырды.

«Анашым, біз сенің бағынышты қызметкерлерің емеспіз. Біз полиция қызметкерлері де емеспіз. Біз сенің балаларыңбыз».

13 жастағы ұлымның осы сөздері мен үшін көп нәрсеге жаңаша қарауға түрткі болды. Мен — «Хабар» телеарнасының журналистімін, цифрлық продюсермін әрі көпбалалы анамын. Кәсіби жолымның белгілі бір кезеңінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінде журналист болып жұмыс істедім. Мұндай құрылымда қызмет ету адамның мінезіне әсер етпей қоймайды: тәртіп, жауапкершілік, талапшылдық және міндеттерді нақты қоя білу күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналады.

Бірақ бір күні кәсіби әдеттерімді байқамай отбасымда да қолдана бастағанымды түсіндім. Баланы жай ғана тыңдауым керек кезде оған нұсқау беруге кірісетінмін. Ал бала түсіністік күтетін сәтте мен одан түсініктеме талап ететінмін.

Ұлымның сөздері маған қарапайым, бірақ маңызды бір шындықты еске салды: үйде мен ең алдымен анамын. Ал балаларым — айтылған нұсқауларды мүлтіксіз орындауға тиіс бағыныштылар емес.

Бүгінде ұлым 13 жаста, ал қыздарым 9, 7 және 6 жаста. Төрт баламның әрқайсысының мінезі бөлек, қызығушылықтары, уайымдары мен өмірге деген көзқарастары да әртүрлі. Көпбалалы ана болу маған күн сайын жаңа нәрсе үйретеді. Ең бастысы — әр баланың мінезіне сай тіл табысып, оған жеке тұлға ретінде қарай білу. Мұны ешбір жұмыста үйрену мүмкін емес.

Даму психологиясы саласындағы зерттеулер, соның ішінде Мэри Ротбарттың еңбектері, балалардың темпераменті мен эмоцияларын білдіру ерекшеліктері ерте жастан-ақ әртүрлі болатынын көрсетеді. Сондықтан бір балаға көмектесетін тәрбие тәсілі екіншісіне сәйкес келмеуі мүмкін. Мен үшін ең маңыздысы — балаларымды өзім қалағандай етіп тәрбиелеу емес, әрқайсысының бойындағы қабілетін ашып, өз болмысын қалыптастыруына қолдау көрсету. Сонымен бірге, ана болу әйелдің кәсіби жолынан бас тартып, өзін тек отбасына арнауы керек дегенді білдірмейді деп есептеймін.

Кейде түсірілімдерді, жұмыс кездесулерін, белгіленген мерзімдерді және үйдегі тірлікті қатар алып жүруге тура келеді. Бүгінде кәсіби тұрғыдан дамып, өз саламда өсуіме жол ашып отырған жандардың бірі — жұбайым. Ол әрдайым жұмысыма түсіністікпен қарайды, кәсіби мақсаттарымды

құрметтейді және қабылдаған шешімдеріме қолдау білдіреді.

Уақыт өте келе үй шаруасының бір бөлігін өзгелерге тапсыруды үйрендім. Қазір үй жинауға адам жалдауға, дайын тамаққа тапсырыс беруге немесе тұрмыстық мәселелерді түрлі сервистердің көмегімен шешуге болады. Өзім тамақ пісіргенді, үйімде жайлылық пен жылылық орнатқанды өте жақсы көрсем де, үйдің бар шаруасын міндетті түрде өзім атқаруым керек емес екенін түсіндім. Бұл шешімімді жолдасым да қолдады.

Мен мұны отбасылық міндеттерден бас тарту деп емес, уақытым мен күш-қуатымды тиімді пайдаланудың саналы таңдауы деп білемін. Өйткені осылайша балаларыма, жолдасыма және өзіме көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік туады.
Отбасы дегеніміз бір адамның, яғни ананың барлық шаруаға үлгеруі емес. Бұл тек бір адамның бар жауапкершілікті жалғыз көтеруіне тура келмейтін орта.

Қазіргі аналар үшін тағы бір маңызды мәселе – балаларды цифрлық дәуірде тәрбиелеу. Digital-продюсер ретінде әлеуметтік желілердің, ақпарат ағынының және ұсыныс алгоритмдерінің қалай жұмыс істейтінін жақсы білемін. Бүгінгі балалар кез келген сұрағына санаулы секундта жауап таба алатын әлемде өсіп келеді. Ал цифрлық кеңістіктегі контент олардың көзқарасына айналасындағы адамдардан кем әсер етпеуі мүмкін.

Алайда ешқандай технология ата-анамен арадағы сенімге негізделген қарым-қатынасты алмастыра алмайды. Сондықтан қазір цифрлық сауаттылық гаджеттерге тыйым салудан емес, ашық әңгімеден басталуы керек деген ойға жиі келемін. Балаларымыздың нені қызық көретінін, қандай бейнелерді қарайтынын, кімге сенетінін және қандай сұрақтарды ересектерге қоюға батылы жетпейтінін білу маңызды.

Осы тұста ұлымның айтқан сөздері тағы да есіме түседі. Журналистикада бізге сұрақты нақты қоюды және сұхбаттасушыны мұқият тыңдауды үйретеді.

Бірақ үйге келгенде, неге осы дағдыларымызды ең жақын адамдарымызға қатысты қолдануды ұмытып кетеміз?

Біз балаларымыздан сабақтары, бағалары мен міндеттері туралы сұраймыз. Бірақ олардың көңіл күйіне мән береміз бе? «Бүгін сені не қуантты?», «Сені не мазалап жүр?», «Саған қалай көмектесе аламын?» деген сұрақтарды қаншалықты жиі қоямыз?
Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасқа қатысты зерттеулер ересектердің баланың сезімдеріне түсіністікпен қарап, оған дер кезінде жауап беруі баланың өзін қауіпсіз сезінуіне және өз эмоцияларын басқаруды үйренуіне ықпал ететінін көрсетеді.

Меніңше, саналы ата-ана болудың негізгі қағидаларының бірі – осы. Яғни, баланы тәрбиелеумен ғана шектелмей, онымен шынайы қарым-қатынас орната білу. Баладан құрмет күтумен қатар, оған өзің де құрмет көрсету. Өз қателігіңді мойындаудан қорықпай, баламен бірге үйреніп, бірге даму.

Заманауи Қазақстан үшін бұл тақырыптың маңызы ерекше. Қазақ мәдениетінде тәрбие, сыйластық пен қамқорлық қашанда жоғары бағаланған. Бүгінде осы құндылықтарды сақтай отырып, оларды ашық әңгімелесу мәдениетімен, баланың жеке тұлғасына құрметпен қараумен және оның сезімдері мен қажеттіліктерін түсіне білумен ұштастыру маңызды.

Сондықтан біздің отбасымыз үшін «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің амбассадоры атану ерекше мәнге ие. Мен бұл мәртебені, ең алдымен, жауапкершілік әрі саналы ата-ана мәдениетін өз үлгіңмен насихаттауға берілген мүмкіндік деп қабылдаймын.

Балаларға өзгені тыңдай білуді үйрету үшін, ең алдымен, өзіміз тыңдай білуіміз керек. Күнделікті қарым-қатынаста өзіміз құрмет көрсете алмасақ, баладан оны талап ету де қиын. Сол сияқты, қателесуден үнемі қорқып өскен

баланың өзіне сенімді тұлға болып қалыптасуы да оңай емес.

Бүгінде біз Қазақстанның болашағы, цифрландыру, жасанды интеллект және жас ұрпаққа ашылып жатқан жаңа мүмкіндіктер туралы көп айтамыз. Алайда мен елдің болашағы тек технологиялар мен сапалы білімге ғана байланысты емес деп ойлаймын. Оның негізі отбасымыздағы ахуалдан басталады.

Содан бері ұлымның сол сөздері үнемі менің жадымда. Бәлкім, сол қысқа ғана әңгіме мен үшін ана болудың ең маңызды сабақтарының біріне айналған шығар.

Мен әлі де талапшылмын, тәртіп пен жауапкершілікті жоғары бағалаймын. Бірақ қазір бір нәрсені бұрынғыдан да жақсы түсінемін: талапшылдық жылылыққа көлеңке түсірмеуі керек, ал ата-ананың беделі бала арасындағы сенімге нұқсан келтірмеуі тиіс.

Журналист ретінде сөз құдіретін білемін. Digital-продюсер ретінде ақпараттың күшін жақсы түсінемін. Ал төрт баланың анасы ретінде махаббаттың, сабырдың және тыңдай білудің маңызын күн сайын тереңірек ұғынып келемін.

Бүгін «Менің отбасым — менің тірегім» тақырыбы туралы ой қозғай отырып, мен үшін отбасының тірегі тек жолдасымның қолдауы, балаларымның махаббаты мен үйіміздің жылуы ғана емес екенін түсінемін. Отбасы – ең жақын адамдарымның жанында өз болмысымды сақтап, дамуға, қателесуге, үйренуге және күн сайын жақсырақ болуға мүмкіндік беретін орта.

Біз, ата-аналар, балаларға өмір сүруді үйретіп жүрміз деп ойлаймыз. Алайда кейде өмірдегі ең маңызды сабақтарды өзіміз де балаларымыздан үйренеміз.

Саналы ата-ана болу, бәлкім, сол сабақтарды қабылдауға және баланың айтқанын шын көңілмен тыңдауға дайын болудан басталатын шығар.

Қорытындылай келе...

Біз бұл шығарылымды «Отбасым – менің тірегім бе?» деген сұрақтан бастадық. Бұл сұрақты әркім өзіне қоя алады: бала да, жасөспірім де, ересек адам да. Әрқайсысы оған өзінше жауап табады.

Біз отбасы туралы алғашқы түсінігіміз қалыптасатын балалық шақ жайында сөз қозғадық. Ата-анасының ажырасуын бастан өткерген баланың жан жарасын түсінуге тырыстық. Өмірдегі ауыр тәжірибе үкім емес, алға жылжуға бастайтын жаңа қадам болуы мүмкін екенін айттық.

Болашақ туралы да ойландық: Мен балалы болғым келе ме? Отбасы құруға дайынмын ба? Мансап пен махаббатты қалай үйлестіремін? Бұл сұрақтардың бәріне ортақ «дұрыс» жауап жоқ. Әркімнің өз жауабы бар.


Біз отбасының берік болуы әдемі сөздерге емес, күнделікті қамқорлыққа, өзара құрмет пен бір-бірін түсіне білуге байланысты екенін еске салдық. Сондай-ақ қиындықты жалғыз еңсеру мүмкін болмаған кезде көмек сұрай білудің де маңызды екенін айттық.

Отбасы бірден мінсіз болып қалыптаспайды. Оны күн сайын, қадам сайын өзіміз қалыптастырамыз. Ал алғашқы қадам әрқашан өзімізбен ашық әңгімелесуден басталады.

Бұл шығарылым сіз үшін сондай сырласудың бастауы болсын. Жақындарыңызды аялап, маңызды дүниелер туралы ашық сөйлесіңіз және қажет кезде қолдау сұраудан қорықпаңыз.

Отбасыңыз сізге тірек,
ал сіз отбасыңызға
демеу болыңыз!

Бас редактор
Токжуманова Камила



SENIMEN BOLASHAQ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

SANA 360

«Қарабасын қамдағанды қара басып тынады, Ұрпағы үшін қамданғанды ұлық етер ұланы»

— Нұркен Асанов

№ 2 (01)
НОЯБРЬ, 2026

Как не передать детям собственные травмы?

Как остаться родителем после развода?

Почему мы причиняем боль тем, кого любим?

ТЕМА ВЫПУСКА:

Моя семья – моя опора...?

SENIMEN BOLASHAQ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

АҚЫЛМЕН ОҚЫП, ЖҮРЕКПЕН ЖЕТКІЗ

РОО «СЕНІМЕН БОЛАШАҚ»

Республиканское общественное объединение «Сенімен Болашақ» — некоммерческая организация, созданная 28 июля 2021 года по инициативе общественного деятеля и бизнесмена Асанова Нұркена Жарылкапұлы.

МИССИЯ

Повышение общей ответственности социума, укрепление знаний и навыков гражданской общественности Казахстана, развитие гражданской осознанности и развитие культуры осознанного гражданского общества в Казахстане.

SANA 360

SANA 360 - научно-популярный и познавательный журнал о человеке, обществе и современном мире.

«SANA» — осознанность, а «360» — широкий и осознанный взгляд на мир, человека и происходящие вокруг процессы. Журнал рассматривает актуальные темы через призму психологии и социологии, помогая читателю расширять кругозор, лучше понимать себя и окружающих.

Для граждан, специалистов, родителей и всех, кто стремится лучше понимать себя и окружающий мир.
Предлагайте свои материалы: info@senimenbolashaq.kz

СТАТЬИ • ИНТЕРВЬЮ • ЧЕК-ЛИСТЫ • УПРАЖНЕНИЯ • ПРАКТИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

www.senimenbolashaq.kz
г. Астана, ул. Кунаева, 2, «БЦ ССС»

В ЭТОМ ВЫПУСКЕ

ВВЕДЕНИЕ

ЦЕНТР ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ СЕМЬИ

ЭССЕ: КРУШЕНИЕ ОДНОЙ СЕМЬИ — БЕЗМОЛВНАЯ БОЛЬ ОДНОГО РЕБЁНКА

СЕМЬЯ НАЧИНАЕТСЯ С ДЕТСТВА

ИНТЕРВЬЮ: “КАК ОПЫТ В ДЕТСТВЕ ВЛИЯЕТ НА ПОСТРОЕНИЕ ОТНОШЕНИЙ ВО ВЗРОСЛОМ ВОЗРАСТЕ?”

КОРНИ ЛЮБВИ...

СТАТЬЯ: ТВОЁ БУДУЩЕЕ: ОТВЕТСТВЕННЫЙ ШАГ НАВСТРЕЧУ СЕМЕЙНОЙ ЖИЗНИ

ЧТО ЗНАЧИТ ОСОЗНАННАЯ СЕМЬЯ?

СТАТЬЯ: «ХОЧУ ЛИ Я ДЕТЕЙ?»: ОПЫТ РОДИТЕЛЬСКОЙ СЕМЬИ И ОБРАЗ БУДУЩЕГО РОДИТЕЛЬСТВА У СТУДЕНТОВ ПОКОЛЕНИЯ Z

МЫ - НЕ ПАРТНЁРЫ, МЫ - СЕМЬЯ

СТАТЬЯ: КАРЬЕРА ИЛИ ЛЮБОВЬ? СОВРЕМЕННЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ МОЛОДЁЖИ О СЕМЬЕ: ЦЕННОСТИ И ВЗГЛЯДЫ

ЧЕК-ЛИСТ «МОЯ СЕМЬЯ — МОЯ ОПОРА»

ЭССЕ: МЫ УЧИМ ДЕТЕЙ ГОВОРИТЬ, НО УМЕЕМ ЛИ ИХ СЛУШАТЬ? СЕМЕЙНАЯ КОММУНИКАЦИЯ ГЛАЗАМИ ЖУРНАЛИСТА

SENIMEN BOLASHAQ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

КОМАНДА ЖУРНАЛА

ИЗДАТЕЛЬ:

РОО «СЕНІМЕН БОЛАШАҚ»

АСАНОВ НҰРКЕН ЖАРЫЛҚАПҰЛЫ
Учредитель *и автор идеи РОО «Сенімен Болашақ», общественный деятель, вице-президент Гражданского альянса Казахстана*

СЕРИКБЕКОВА ГУЛЬШАТ БАҚЫТКЕЛДІҚЫЗЫ
Председатель *РОО «Сенімен Болашақ»*

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТОКЖУМАНОВА КАМИЛА
и. о. Ректора ЧУ «Академии Sanaly Qogam», магистр социальных наук, психолог

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

ҚҰРМАНГАЛИЕВА ДИАНА
digital-продюсер

АВТОРЫ:

ДҮЙСЕМБЕКОВА ТОҒЖАН
Психолог ЧУ «Академии Sanaly Qogam»

ЛЯЩЕНКО АННА
Психолог ЧУ «Академии Sanaly Qogam»

ПРИГЛАШЁННЫЕ АВТОРЫ:

ИКЕНОВА ШАКИЗАТ
Крушение одной семьи — безмолвная боль одного ребёнка

МЕНДИБАЕВА ШЫНАР
Как опыт в детстве влияет на построение отношений во взрослом возрасте?

САТБАЕВА СВЕТА
Твоё будущее: ответственный шаг навстречу семейной жизни

АЛПАМЫСКЫЗЫ АЛИНА
«Хочу ли я детей?»: опыт родительской семьи и образ будущего родительства у студентов поколения z

ЕНБАЕВА РАБИНА
Карьера или любовь? Современные представления молодёжи о семье: ценности и взгляды

КУРМАНГАЛИЕВА ДИАНА
Мы учим детей говорить, но умеем ли их слушать? Семейная коммуникация глазами журналиста

SENIMEN BOLASHAQ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ!

Каким должен быть человек, чтобы вместе с ним становилось лучше общество?

Личность является важнейшей составляющей любого общества и живой системой, неразрывно связанной с другими индивидами. Каждый человек имеет собственные свойства, живет в своем пространстве и системе связей. Но невозможно представить развитие одного члена общества без взаимосвязи с другими людьми!

Абсолютно очевидно, что большого успеха можно достичь лишь в сотрудничестве, и люди сильно взаимозависимы друг от друга, когда речь идет о качестве и уровне развития общества. Жизненная среда является единой – абсолютно неразумно игнорировать или считать неважным какой-либо из компонентов этой среды.

Мы верим, что «осознанное общество» = «качественное государство» и оно начинается именно с человека, который способен думать, чувствовать, выбирать и отвечать за свой выбор.

Sana 360 – это не просто журнал о психологии и социологии. Это общественно-просветительское пространство для разговора о Человеке и Обществе.

Sana 360 – это символ полноты – взгляд на человека на 360 градусов во всех измерениях его развития.

И главный вопрос каждого выпуска будет очень простым: какого человека мы формируем сегодня - и какое общество благодаря этому получим завтра?

Ответ на этот вопрос лежит в основе деятельности РОО «Сенімен Болашақ».

Наша миссия – способствовать формированию сознательного общества, в котором человек понимает свою ответственность за себя, свою семью и будущее страны.

Добро пожаловать на страницы журнала о формировании сознательного человека и сознательного общества!

С уважением,
Гульшат Серикбекова

Семья начинается с меня...

Введение



Семью принято называть главной опорой в жизни. Но всегда ли это так? Почему мы причиняем боль тем, кого любим? Как понять себя в отношениях и услышать другого? Что делать, когда недопонимание становится привычным фоном жизни? Как построить крепкую семью и сохранить её? Как не передать детям собственные травмы? И как остаться родителем, если брак закончился?

Эти вопросы знакомы почти каждому. Одни задают их себе по ночам. Другие слышат от друзей или узнают в чужих историях. Разводы, холодное молчание за общим столом, родительская вина и усталость давно стали частью повседневности. Мы привыкли считать их личными неудачами. Но у большинства таких историй общий источник, и лежит он гораздо глубже сегодняшней ссоры.

Всё начинается с детства. Там мы впервые узнаём, что такое любовь, доверие и поддержка. А иногда — и каково без них. Детские впечатления, отношения родителей, то, как в доме говорили об обидах и мирились, складываются во внутренний сценарий. Он управляет нашими отношениями во взрослой жизни, и мы редко это замечаем.

Когда человек создаёт семью, он приносит с собой не только чувства и ожидания, но и привычный способ жить рядом с другим. У каждого свои представления о том, кто за что отвечает, как говорить об обиде и как проявлять заботу.

Если эти представления совпадают, дом становится опорой. Если нет, одни и те же споры повторяются годами. Причина остаётся непонятой, а в паре растёт отчуждение. Со стороны оно выглядит как обычная бытовая усталость. Так рождаются конфликты, которые порой заканчиваются разводом.

Но прошлое не приговор. Тот, кто понимает происхождение своих реакций, может остановить повторение чужих ошибок. Он способен яснее назвать свои потребности и услышать близкого. Вместе они могут найти другие, более зрелые формы общения.



Особенно остро это проявляется в родительстве. Представления о воспитании формируются задолго до рождения первого ребёнка. Мы наблюдаем за взрослыми и перенимаем их интонации. Или клянёмся никогда им не подражать. Внимательное отношение к ребёнку начинается с признания его самостоятельной личностью, у которой есть свои чувства и границы. Родителю важно понимать, как его раздражение, тревога или молчание отзываются в жизни ребёнка. На практике же родители нередко остаются один на один с усталостью, виной и страхом ошибиться.

В этом выпуске мы рассматриваем семью как живую систему, которая меняется вместе с людьми. Мы поговорим о том, как детский опыт определяет взрослые отношения. Разберём, откуда берутся семейные сценарии и можно ли их переписать. Затронем темы, о которых принято молчать: хронические конфликты, эмоциональная дистанция в паре, развод и его последствия для взрослых и детей. Отдельно обсудим, как сохранить сотрудничество в воспитании, когда семья уже распалась.

Одного взгляда на эти вопросы мало. Поэтому мы будем смотреть на семью с разных сторон: глазами учёных и практикующих психологов, через цифры и через живые истории людей, которые пережили развод, потеряли близость или заново учились быть родителями.

"Моя семья - моя опора?" — этот вопрос, который звучит голосом ребенка внутри каждого из нас. Для ребенка семья — весь мир, и другого он пока не видел. Он не знает, что бывает иначе, и принимает всё за норму: тепло и любовь или конфликты и молчание. А потом ребенок вырастает и приносит этот мир в собственный дом.

Можно ли что-то изменить в этой цепочке?
Мы уверены, что можно.


ВВЕДЕНИЕ

45 731	2,24%	X3	43%
разводов за год; три четверти из них в городах	развода на 1 000 жителей: в городах 2,63, в сёлах 1,58	разрыв между Павлодарской (3,43 ‰) и Туркестанской (1,03 ‰) областями	разводов — в браках, которые не прожили и пяти лет

Чтобы понять, насколько всё это далеко от частных историй, мы обратились к цифрам. РОО «Сенімен Болашақ» подготовило статистический отчёт на основе данных Бюро национальной статистики за 2025 год. Он показывает, что личное и общее здесь неразделимы.

За прошлый год в Казахстане зарегистрировали 115 985 браков и 45 731 развод. На тысячу жителей это 2,24 развода. Но сама по себе цифра мало о чём говорит. Интереснее то, как сильно она меняется от региона к региону.


В Павлодарской области на тысячу человек приходится 3,43 развода, в Карагандинской – 3,41. В Туркестанской всего 1,03, то есть разница больше, чем в три раза. При этом по числу разводов Павлодарская и Туркестанская области почти равны: 2 564 и 2 225 за год. Просто в Туркестанской живёт почти втрое больше людей. Если смотреть шире, пять северных и восточных областей дают 28,4% всех разводов страны, хотя населения там 19,3%. На юге и западе всё наоборот: 27,2% разводов при 38,7% населения.



Распределение процента разводов на 1 000 жителей по регионам

Первым делом хочется списать всё на большие города. Алматы (5 001 развод) и Астана (4 209) действительно впереди по числу разводов. Но вместе с Шымкентом они дают 25,0% разводов при 25,3% населения, то есть ровно свою долю. А в Алматы разводятся даже реже, чем в среднем по стране. В городах в целом разводятся чаще, чем в сёлах, и так во всех 17 областях: 2,63 против 1,58 на тысячу жителей. Но на севере даже сельские жители расходятся чаще, чем горожане Туркестанской области и Шымкента. Так что одним делением на город и село разницу не объяснишь.

Зато в сроках страна почти единодушна. Чаще всего брак распадается на втором году: 4 896 разводов пришлись на пары, прожившие вместе один полный год.



Распределение процента доли на 100 разводов по стажу брака

Чаще всего расходятся пары, прожившие вместе ровно год: 4 896 разводов. Почти половина (43 из 100) приходится на первые пять лет брака, медианный стаж — около 6,5 лет. И так по всей стране: доля ранних разводов колеблется по регионам лишь от 39,4 до 47,8%.

За каждой из этих цифр стоят живые люди, их ожидания и разочарования. Статистика не объясняет, почему всё так происходит, но показывает, где искать ответы.

Центр психологической поддержки семьи

Когда семья оказывается в зале суда...

Развод принято считать историей двух взрослых. Но у неё есть третий участник, который не выбирал ни одну из сторон. Он не выступает перед судьёй и не подписывает исковое заявление. Он ждёт решения, от которого зависит, где будет его дом и как часто он увидит маму или папу.

Когда родители не могут договориться сами, спор доходит до суда. Закон и доказательства помогают установить факты, но не всегда показывают, что чувствует ребёнок. Здесь появляются психологи РОО “Сенімен Болашақ” в рамках проекта ЦППС.

Психолог в суде: зачем это нужно?

Специалисты ЦППС работают в Астанинском городском суде по делам несовершеннолетних. По гражданским делам, связанным с семейными спорами, они проводят психологические исследования. Их интересует то, что не прописано в документах: как устроены отношения ребёнка с родителями, с кем у него самая тёплая эмоциональная связь, как выглядит повседневное общение в семье.

Итогом работы становится заключение, которое помогает суду увидеть конфликт глубже. Главный ориентир здесь один: интересы и благополучие ребёнка, его эмоциональное состояние и отношения с близкими.

Круг дел широк. Это определение места жительства ребёнка, порядок общения, расторжение брака, лишение и ограничение родительских прав и другие семейные споры. Каждое исследование строится на обстоятельствах конкретной семьи.



Что скрывается за цифрами?

Одного дела мало, чтобы понять, с чем приходят в суд сегодня. Поэтому психологи ЦППС провели статистико-аналитический анализ. В него вошли данные по 51 гражданскому исковому делу за период с 10 марта по 23 сентября 2026 года, то есть за чуть более чем полгода. Параллельно специалисты провели 35 примирительных консультаций. Это тоже показательная цифра: параллельно с судебными исследованиями идёт работа, цель которой в том, чтобы родители услышали друг друга до судебного решения, а не после него.

Важная оговорка. Это данные одного проекта и одного периода, а не общая статистика по всей стране. Но именно поэтому они ценны. Такие цифры редко попадают в публичное поле, а они позволяют увидеть семейный конфликт изнутри, глазами тех, кто работает с ним каждый день.

Главный спор: с кем будет жить ребёнок?

Когда семья распадается, взрослым приходится решать десятки вопросов. Но один из них перевешивает все остальные: где будет жить ребёнок. Именно с него начинается самый трудный разговор между родителями, и именно он чаще всего приводит их в суд. Цифры проекта ЦППС это подтверждают.



Распределение дел по категориям исковых требований

Самой массовой категорией стали дела об определении места жительства ребёнка: 17 из 51, или 33,3%. Каждое третье дело посвящено одному вопросу: где будет дом. На втором месте расторжение брака (10 дел, 19,6%). Далее идут установление порядка общения и лишение родительских прав: по 7 дел, или по 13,7%.

Если сложить дела о месте жительства и о порядке общения, получится 24 дела из 51, почти половина. Это значит, что почти в каждом втором случае взрослые спорят о самом ребёнке: сколько времени он будет проводить с каждым из них и где теперь он будет жить. Для ребенка это не юридическая формулировка. Это вопрос, сколько мамы и сколько папы останется в его жизни.

Кто первый идет в суд?

Каждый год в Казахстане создаются десятки тысяч семей. И почти столько же распадаются. По данным Бюро национальной статистики, в 2025 году в стране зарегистрировали 115,9 тыс. браков и 45,7 тыс. разводов. Браков стало меньше, чем в 2024 году, тогда их было 123,6 тыс. А разводов стало больше: в 2024 году их насчитали 40,6 тыс. Общий коэффициент разводимости вырос с 2,01 до 2,24 на тысячу человек. Статистика показывает и опасный рубеж. Больше всего разводов приходится на семьи, которые прожили вместе от одного года до четырёх лет (35%).

Ещё 24% разводов случаются в браках со стажем от пяти до девяти лет, а 8% семей распадаются в первый год. Иначе говоря, около двух третей разводов происходят в первые девять лет брака. Это годы, когда в семье чаще всего растут маленькие дети.

Большинство пар расстаётся без громких разбирательств. Но есть семьи, где договориться не получается. Тогда спор о ребёнке доходит до суда. Кодекс «О браке (супружестве) и семье» закрепляет за ребёнком право на общение с родителями. Но закон лишь называет это право, а то как оно будет работать в жизни конкретной семьи, решают взрослые. А когда они не могут, решение принимает судья.


Здесь возникает вопрос, который важнее юридических формулировок: что именно нужно ребёнку от родителя, который живёт отдельно? Психологи изучают его не одно десятилетие. Американский социолог Пол Амато и Джоан Гилбрет в 1999 году собрали и сопоставили результаты 63 исследований об отцах, которые не живут с детьми. Опубликована работа в «Журнале брака и семьи». Вывод оказался неожиданным. Сама по себе частота встреч с ребёнком не была связана с его благополучием. Зато с лучшими результатами в учёбе и с меньшим числом эмоциональных и поведенческих проблем были связаны другие вещи: чувство близости с отцом и тёплый, но требовательный стиль общения, который в психологии называют авторитетным. Положительно влиял и регулярный вклад отца в содержание ребёнка.

Через четырнадцать лет американские психологи Кари Адамсонс и Сара Джонсон повторили такой анализ на более свежих данных. В «Журнале семейной психологии» (2013) они обобщили 52 исследования.

Их вывод похож: пользу детям приносит содержательное участие отца в жизни ребёнка, то есть общие занятия и добрые отношения. Эффект при этом небольшой, но статистически значимый. Время на встречи и деньги сами по себе значимой связи с благополучием не показали.

Есть и третий важный вывод. Авторы цитируют более ранние работы, по которым контакт с отцом идёт ребёнку на пользу, если родители умеют сотрудничать. И вредит, если они остаются во вражде.

Эти исследования стоит держать в голове, когда мы смотрим на цифры проекта ЦППС.



Стороны, инициирующие обращение в суд

В целом иски в судебные дела по семейным спорам чаще подают женщины: 60,8% против 39,2% у мужчин. Но стоит заглянуть в отдельные категории, и картина меняется.

В делах об определении места жительства ребёнка 70,6% истцов составили мужчины. В спорах о порядке общения их доля тоже выше половины: 57,1%.

Эти цифры ломают привычный стереотип о том, что за детей в суде борются только матери. Отцы тоже идут в суд, когда речь заходит о том, где будет жить ребёнок и как часто они смогут его видеть. Выборка ЦППС 51 дело, поэтому делать выводы обо всей стране рано. Но сам сигнал заслуживает внимания: многие отцы готовы отстаивать своё место в жизни ребёнка.

Однако исследования напоминают о другом. Судья может определить, сколько дней в месяц ребёнок проведёт с отцом или с матерью. Но для самого ребёнка важнее, как проходят эти дни и что происходит между взрослыми, когда они передают его друг другу. Если спор превращается в борьбу, где кто-то обязан проиграть, то ребёнок проигрывает в любом случае.

Наш опыт

В интересах детей: когда решение меняется...

Громкие судебные споры о детях обычно заканчиваются решением судьи. Но бывают истории, которые заканчиваются раньше, потому что один из родителей сам останавливается и пересматривает то, что ещё недавно казалось ему единственно возможным выходом. Одну из таких историй рассказывает практика психологической службы.



К специалистам обратился отец, который собирался добиться через суд, чтобы дети жили с ним. Причина была знакома многим семьям: отношения с супругой стали конфликтными, договориться не получалось, и судебное разбирательство он воспринимал как способ наконец разрешить затянувшийся спор. Для человека, который устал от напряжения в семье, такой шаг кажется логичным: если не получается решить вопрос самим, пусть решит суд. Именно с таких мыслей начинается заметная часть семейных дел.

В исследованных ЦППС делах об определении места жительства ребёнка мужчины составляли 70,6% истцов, и за каждым таким заявлением стоит чья-то решимость защитить своё место в жизни детей.

В беседе психолог не пытался переубедить отца или доказать ему, что тот неправ. Он помог ему посмотреть на ситуацию с другой стороны, с позиции самих детей. Речь шла о том, какие эмоциональные последствия может иметь для ребёнка конфликт родителей, как на нём сказывается затянувшаяся вражда и что ему необходимо в такой момент больше всего: **чувство стабильности и ощущение, что рядом с ним безопасно.**

После консультации отец пересмотрел своё решение. Он отказался от дальнейшего разбирательства и отозвал заявление, объяснив это тем, что не хочет подвергать детей лишнему стрессу. Вместо вопроса «кто победит в споре» на первый план вышел другой вопрос:

что будет лучше для детей?

В этой истории важен сам сдвиг, который произошёл в одной беседе: фокус сместился с конфликта между супругами на эмоциональное благополучие детей. Для ребёнка это может означать, что его не придётся делить в зале заседаний. Такие случаи показывают, что своевременная психологическая помощь способна стать серьёзным ресурсом, когда семья оказывается на грани судебного спора. В тот же период, о котором рассказывает статистика проекта, специалисты ЦППС провели 35 примирительных консультаций, и каждая из них даёт семье шанс договориться раньше, чем конфликт дойдёт до суда.

Из-за чего рушатся семьи?

Когда семья распадается, окружающие обычно спрашивают об одном: «Что случилось?» Ответ редко умещается в одну фразу. За словами «не сошлись характерами» скрываются финансовые трудности, усталость и обиды, зависимости, а порой и страх. Причины видны не сразу и не всегда одинаково выглядят для двоих людей, которые прожили под одной крышей много лет.

О том, как сложно поймать этот момент, говорят и данные Бюро национальной статистики. Больше трети разводов в Казахстане приходится на семьи со стажем от одного до четырёх лет, ещё 8% распадаются в первый год. Это время, когда пара только узнаёт друг друга по-настоящему, а в семье нередко появляются дети. Выходит, что именно в начале пути закладывается то, что потом приводит людей к разрыву.

Среди причин особое место занимает насилие. В Казахстане ему уделили серьёзное внимание на уровне закона.

После принятия закона о защите женщин и безопасности детей побои и причинение лёгкого вреда здоровью в семье стали уголовно наказуемыми. По данным МВД за 2025 год, число зарегистрированных уголовных правонарушений в сфере бытового насилия выросло на 16,2% и составило 2 556 случаев.

Это не обязательно означает, что насилия стало больше. В ведомстве объясняют рост тем, что многие деяния теперь учитываются как преступления.

Но для семейных споров вывод важен: то, что раньше нередко оставалось «семейным делом», теперь становится предметом разбирательства.

Не менее значимы причины, которые выглядят привычнее. Американские исследователи Джеффри Дью, Соня Бритт и Сандра Хьюстон изучили данные национального опроса более чем 4,5 тысячи пар. Результаты они опубликовали в 2012 году в журнале Family Relations. Выяснилось, что споры о деньгах лучше других видов разногласий предсказывают развод. Причём уровень достатка сам по себе не объяснял разводы, когда исследователи учли частоту таких ссор. Иначе говоря, дело не в том, сколько денег у семьи, а в том, как супруги о них спорят. Сам Дью предполагает, что за спорами о деньгах нередко стоят более глубокие вопросы: власть, доверие, разные представления о том, ради чего нужны деньги. Эти представления, по его словам, часто приходят из родительского дома.



Есть и ещё один слой, о котором взрослые вспоминают в последнюю очередь: что всё это видит ребёнок. Американские психологи Патрик Дейвис и Марк Каммингс более тридцати лет изучают, как родительские ссоры влияют на детей. Их теория эмоциональной безопасности, предложенная в 1994 году, объясняет механизм.

Ребёнку важно чувствовать, что семья надёжна и ему ничего не угрожает. Разрушительные конфликты с постоянной враждебностью подрывают это чувство и повышают риск поведенческих, социальных и учебных проблем.

Важная деталь: речь идёт не о любых разногласиях, а о тех, где нет уважения и конфликт только нарастает. Спокойный спор, который заканчивается договорённостью, ребёнку не вредит.



Предполагаемые причины возникновения споров

